





Ксембаева С.К.

2026 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбаттасу бағдарламасы

Негізгі мәліметтер			
Факультет/кафедра	Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар / Филология		
Оқу бағдарламасының шифры мен атауы	8D02302 – Қазақ филологиясы		
	Атағы/лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Құрастырушы	ф.ғ.к., профессор	Кадырова Б.М.	
Кафедра меңгерушісі	ф.ғ.д., профессор	Жүсіпов Н.Қ.	
Факультет ОӘК төрағасы	PhD	Салимова Р.С.	
Кафедра отырысында қарастырылды	Протокол/Мерзімі	№17 Хаттама 12.05.2026	
Факультет отырысында ОӘК қарастырылды	Протокол/Мерзімі	№10 Хаттама 22.05.2026	

Оқуға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. Сұхбаттасудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты Қазақ филологиясы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО мен ғылыми-зерттеу ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру, докторанттардың өз бетімен оқу, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметін ынталандыру, «PhD» академиялық дәрежесін беру туралы ҚР құжаттарының халықаралық білім беру кеңістігінде және халықаралық еңбек нарығында мойындауын қамтамасыз ету.

8D02302 – Қазақ филологиясы бағыты бойынша докторантурада оқу жоғарғы ЖОО білімінен кейінгі жүйеде жалғасы болып табылады және магистратураға дайындық оқу жоспарымен қарастырылған пәндер білімдеріне негізделген.

Түсу емтиханының мақсаты неғұрлым даярланған үміткерлерді анықтау үшін докторантураның білім беру бағдарламаларына түсушілердің білім деңгейін және оқуға деген ынтасын анықтау болып табылады.

Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар, шет тілін меңгергендігін растайтын сертификат пен Қазтест сертификаты болуы керек.

Түсу емтиханының міндеттері:

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;

- оқуға және одан әрі кәсіби қызметке деген ынтаны анықтау.

8D02302 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанттарын даярлаудың негізгі міндеттері:

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;

- оқуға және одан әрі кәсіби қызметке деген ынтаны анықтау;

- жалпы кәсіби мәдениеті, оның ішінде азаматтық ұстанымы бар, жоғары оқу орындарында сабақ бере алатын, зерттеу, өндірістік, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметін табысты жүзеге асыра алатын қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау.

Докторантураның жалпы құзыреті:

білуі керек: қазіргі заманғы қазақ филологиясының теориялық-әдістемелік принципін, метатіл мен метасөздіктер жүйесін, филологияның дәстүрлі, жаңа, басым бағыттарын, филологияның ғылыми мектептерін, қазіргі заманғы қазақ, орыс, әлемдік филологиялық зерттеулердің айтулы жетістіктерін, даулы мәселелерін және отандық ғылым дамуының қазіргі тенденциялары, бағыттары мен заңдылықтарын; ғылыми таным әдіснамасын; филология саласындағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін.

меңгеруі керек: филологиялық концепцияларға, ғылыми идеяларға сындарлы талдау жасай білуі; филологиялық зерттеулер үдерісін жоспарлауды, іске асыруды, реттеуді; отандық және шет елдегі филологияның дамуына өз үлесін қосуды; қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай әрі шеше алатын зерттеулер процесін

ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдау, бағалау және салыстыру және қорытынды жасау; әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және өңдеу; қазіргі заманғы теориялар мен талдау әдістері негізінде дербес ғылыми зерттеу жүргізу; өзінің әрі қарай кәсіби дамуын жоспарлау және болжау.

дағдыларға ие болу: түрлі ғылыми теориялар мен идеяларды сыни талдау, бағалау және салыстыру; талдамалық және эксперименттік ғылыми қызмет; Зерттеу нәтижелерін жоспарлау және болжау; халықаралық ғылыми форумдарда, конференцияларда және семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеу; академиялық жазу және ғылыми коммуникация; қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, патенттік іздеу және ғылыми ақпарат жүргізу.

ақпараттық ағындардың тез жаңаруы және өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізуде; ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қою мен шешуде; тұрақты кәсіби өсуді қамтамасыз етуде **құзыретті болуы тиіс.**

2. Сұхбаттасуды өткізудің формасы мен ұйымдастырылуы

Сұхбаттасу өткізуінің формасы – ауызша. Сұхбаттасуға арналған жалпы ұпай саны – 30. Ұпайларды бағалау критерийлері бойынша бөлу төменде берілген.

Сұхбаттасуды 8D02302 – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша тиісті бейінге сай доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан қалыптасатын емтихан комиссиясы өткізеді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының құрамы оның төрағасымен қоса, университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

Сұхбаттасу бойынша қорытынды баға дескрипторларға сәйкестікке бағаланған ауызша жауап үшін әрбір критерий бойынша балл сомасы болып табылады және 30 баллдан аспауға тиіс.

Сұхбаттасу нәтижелері емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні хабарланады.

Комиссия түсушілердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің белгіленген жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша нақты білім, іскерлік және практикалық дағдылар деңгейін, жауаптардың қисындылығы мен дәлелділігін, ғылыми қызметке уәжділігі мен қызығушылығын, ғылыми негіз бен ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін айқындайды.

3. Сұхбатты бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1	Мотивация	Таңдалған оқу бағдарламасы бойынша докторантурада оқу және белгілі бір ЖОО-ға түсу мотивтерін дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пән саласындағы ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесінің болуы.	10
3	Шығармашылық	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4	Қарым-қатынас дағдылары	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Максималды ұпайлар			30

4. Сұхбаттасу үшін тақырыптар мен сұрақтардың үлгі тізбесі

(өз тұжырымдарыңызды практикалық мысалдармен растай отырып негіздеу)

1 8D02302 – Қазақ филологиясы мамандығы бойынша PhD алған докторанттың кәсіби қызмет түрлері, құзіреттілігі

2 Докторантураға түсуіңізге не түрткі болды?

3 Бұрын қандай ғылыми жұмыстар жаздыңыз?

4 Ғалым ретінде қандай этикалық қағидаларды ұстанасыз?

5 Қазіргі қоғамдағы ғылымның рөлі

6 Академиялық жазылым мәселелері

7 Салалық және арнайы білім (Мамандыққа байланысты қойылады)

Сіздің ғылыми салаңыздағы қазіргі өзекті мәселелер қандай? Соңғы ғылыми-техникалық жетістіктер туралы не білесіз? Сіздің зерттеуіңіз осы мәселелерді шешуге қалай ықпал етеді? Саланың даму болашағын қалай бағалайсыз?

8 Қазақ тіл біліміндегі басым бағыттар

9 Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуындағы жаңа бағыттарды атай аласыз ба?

10 Қазіргі қазақ тілінің дамуындағы өзекті мәселелер қандай?

11 Ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптар?

12 Ұсынған зерттеу тақырыбыңыздың өзектілігі неде? Зерттеудің мақсаты мен міндеттері қандай? Зерттеу барысында қандай ғылыми жаңалық алуды жоспарлайсыз? Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы неде?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғалиева Б. Ж. Ғылыми жұмыс жазу мәдениеті : оқу құралы / Б. Ж. Әбдіғалиева. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 152 б.
2. Қалиев Ж. Қ. Филологиялық зерттеулердің әдістемесі / Ж. Қ. Қалиев, А. А. Жұбанов. – Алматы : Ғылым, 2004. – 200 б.
3. Ахметжанова Ф. Ғылыми жұмыстарды рәсімдеу ережелері : оқу құралы / Ф. Ахметжанова. – Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2020. – 96 б.
4. Салқынбай А. Қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы / А. Салқынбай. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 280 б.
5. Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә. Т. Қайдар. – Алматы : Рауан, 1997. – 264 б.
6. Құрманбайұлы Ш. Ғылыми стиль және терминжасам / Ш. Құрманбайұлы. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 240 б.
7. Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты. Академиялық этика ережелері: әдістемелік нұсқаулық. – Алматы : Археология институттары, 2018. – 40 б.
8. Әуелбеков Б. Филология ғылымының негіздері / Б. Әуелбеков. – Алматы: Білім, 2017. – 212 б.
9. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің түсіндірме сөздігі / З. Ахметов. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. – Алматы : Ғылым, 1999. – 320 б.
11. Әдебиет теориясы. Антология. Т.1. / Джули Ривкин, Майкл Райан редакциясымен. – Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 568 б
12. Әдебиет теориясы. Антология. Т.4. / Джули Ривкин, Майкл Райан редакциясымен. – Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 452 б.
13. Әдебиет теориясы. Антология. Т.3. / Джули Ривкин, Майкл Райан редакциясымен. – Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 440 б.
14. Райан М. Әдебиет теориясы. Кіріспе. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 292 б
15. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Оқу құралы. 2-кітап. Жалпы редакциясын басқарған Т. Кәкішұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 455 б.
16. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі қазақ тіл білімі. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011 – 288 б.
17. Қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық) Жалпы редак.басқарған Жақыпов Ж. – Алматы, 2016 . – 464 б.
18. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы, - А, 2007
19. Тіл мен мәдениет : 10 томдық ; [құраст. Ә. Б. Наурызбаева] .- Алматы : Жазушы, 2005. 6-том.– 567 б.